

Сайрам аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 4-37/V "Сайрам ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 9-62/V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 17 қазанда № 2113 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 15-96/V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 31.01.2013 № 15-96/V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет стандартының 6, 11 тармақтарына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Сайрам ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» Сайрам аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі 4-37/V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-10-189 тіркелген, 2012 жылғы 1 маусымдағы «Мәртөбе» газетінің № 21 санында жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған шешімнің 1 тармағы келесі мазмұндағы 9) тармақшамен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«9) әлеуметтік такси қызметін ұсынуға - жүріп тұруы қиын бірінші, екінші топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға емдеу мекемелеріне және қоғамдық орындарға тасымалдау үшін, ай сайын 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде».

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: **Е.Шәріпбеков**

Аудандық мәслихаттың хатшысы: **К.Орашов**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК